

## МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОБЫ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУЫ АДИСТЕРИ

Уралтаева Жанна Оразбаевна

[uraltayevazhanna@gmail.com](mailto:uraltayevazhanna@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – П.Б.Сейітқазы

Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының танымдық дағдылар қосымшасында мектепалды даярлық тобы балалары логикалық ойлау тәсілдеріне ие болуы қажет екендігі көрсетілген [1]. Осы орайда «Логикалық ойлау дегеніміз не?», «Мектепалды даярлық тобы балаларының логикалық ойлауын дамуы үшін қандай әдістер қолдану қажет?», «Логикалық ойлауды дамуында тест әдісінің маңызы қандай?» деген сұрақтардың туындауы заңды құбылыс.

Адамзат тарихының қандай кезеңі болмасын сындарлы ойлауға қабілетті, ойы жүйрік, санасы терең тұлғалар жоғары бағаланып, келер ұрпаққа үлгі саналды. Ірі философтардың бірі Рене Декарт «Мен ойланамын, яғни тіршілік етемін» деген формуланы ұсынды [2]. Атақты ғалым «Ойлау» ұғымын адамзат тіршілігінің мәні тұрғысынан қарастыра отырып, өмірлік құндылық тұрғысынан бағалады. Ал, қазағымыздың шоқтығы биік біртуар ақын ұлы Мағжан Жұмабаев «Ойлау -жанның өте бір қиын терең ісі. Жас балаға тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде, сақтықпен, басқышпен істеу керек» деген даналық ойын қалдырған болатын [3]. Аталған ойларды түйіндей келе ойлау- сыртқы дүниені танып білуде маңызы ерекше, сөйлеумен тығыз байланысты жүріп отыратын тек адам баласының психикасына тән үрдіс деген қорытындыға келуге болады. Ойлау заттар мен құбылыстардың жалпы сипаттарын, олардың арасындағы табиғи байланыстары мен қатынастарын бейнелейтін психикалық процесс болып табылады [4].

Осы орайда логика - дұрыс ойлау заңдары мен формалары туралы философиялық ғылым [5]. Логика ғылымының нысанасы- адамның ойлауы, ойлау қабілеті болып табылады. Ой қорытындылары объектив пікірге негізделетін процесі логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады. Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі [5]. Сол себепті ол адам ойлауын қарастыратын психология, педагогика, философия, әлеуметтану т.б. өзге ғылымдармен тығыз байланысты. Логиканың тарихы ежелден бастау алып, екі жарым мың жылдан астам уақытты қамтиды. Логика философия ғылымының аясында дамып, ежелгі Қытай, Үндістан, Грекия аумақтарында пайда болды. Сол дәуірдің өзінде-ақ ақиқат білімге қол жеткізудің, дұрыс ойлаудың маңызды құралы саналды. Антикалық дәуірдегі логиканың пайда болып, дамуына үлес қосқан ғалымдар қатарына Сократ, Демокрит, Аристотель, Платон сынды атақты тұлғаларды жатқыза аламыз. Аристотель логиканың негізін салушысы, оның «атасы»

болып саналады. Ол логиканы жүйелі зерттей отырып, нәтижесінде «Органон», «Метафизика» атты еңбектері жарық көрді. Логиканың ғылым ретінде қалыптасуы әл-Фараби, Ибн Рушд, Ибн-Сина, Френсис Бекон, Р. Декарт, Г.В. Лейбниц, Д. Буль, Э. Шредер, О де Морган, Б. Рассел, Г. Фреге, П.С. Порец, С.Джевонс т.б. ғалымдардың есімімен тығыз байланысты.

Баланың логикалық ойлауын дамыту мәселесі П.А. Гальперин, Л.В. Занков, А.А.Столяр, В.В. Давыдов, Ю.М.Колягин, А.А. Люблинская, Д.Б. Эльконин, А.В. Брушлинский, И.Я. Лернер, Т.В. Кудрявцев, Д.Б. Богоявленская, А.В. Запорожец, Л.Н. Венгер, И.С. Якиманская, И.Л. Никольская, К.А.Славская, З.И. Калмыкова т.б ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Логикалық ойлауды дамыту дегеніміз – бұл барлық логикалық ойлау операцияларын жүйелі түрде қалыптастыру деген сөз. Ойлау операцияларына (тәсілдеріне) анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, абстракцияны жатқызуға болады. Адам ойы осы операциялар негізінде әрекет етіп отырады, қоршаған дүниені танып біледі.

Талдау (анализ) - бұл нәрселерді ойша бөліктерге жіктеу және олардың белгілерін айқындап көрсету [6]. Бұл процесс нәтижесінде күрделі құрылымды құбылыстарды түсіну, тану жеңілдейді, себебі нәрселер ойша бөлшектеніп, талданады.

Оған қарама-қарсы тәсіл-синтез (жинақтау) деп аталады. Жинақтау- бұл нәрсені талдау нәтижесінде алынған белгілерін, бөліктерін ойша біртұтас бүтінге біріктіру [6]. Атаулы тәсіл талдаумен бірлікте, қабаттаса жүреді. Нәтижесінде бөлшектер ойша бірігіп, бүтінге айналады. Балалар үшін атаулы ой тәсілдері біршама қиындық тудырады, бұл тұста баланың даму деңгейі, тәжірибесінің аздығы өз рөлін ойнайды, сол себепті олар нәрселердің бір-бірімен қатынас-байланыстарын жақсы ажырата алмайды. Алайда, оқыту барысында талдау мен жинақтауға байланысты жаттығуларды орындау нәтижесінде бала заттарды ойша жіктеуге, бөлшектерді біріктіруге дағдыланады.

Салыстыру – нәрсенің мәнді, мәнсіз белгілеріне қарай ұқсастықтары мен ерекшеліктерін анықтау [6]. Салыстыру тәсілі арқылы бала заттардың ортақ тұстарын, ұқсастықтарын тауып, айырмашылықтарын ажырата білуге үйренеді.

Ойлаудың тағы бір тәсілі - абстракциялау (дерексіздендіру) деп аталады. Абстракциялау – нәрсенің белгілі бір белгілерін ойша баса көрсету және оны басқалардан дерексіздеу [6]. Абстракциялау арқылы бала маңызды ерекшеліктерді оқшаулап бөліп алуға дағдыланады.

Жалпылау - бірыңғай нәрселерді ойша кейбір кластарға біріктіру болып табылады [6].

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту, жоғарыда аталған ойлау әрекеттері мен тәсілдерін қалыптастыру қазіргі таңдағы мектепке дейінгі білім беру үдерісіндегі өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі, ойлау қабілеті дамыған бала оқу материалын оңай қабылдайды, жаңа жағдайларға тез бейімделгіш, өз күшіне сенімі мол, мектепке дайындығы жоғары болуымен ерекшеленеді.

Даярлық тобы балаларының ойлау әрекеті туралы сөз еткенде көрнекі – әрекеттік ойлау, көрнекі-бейнелік ойлау және логикалық ойлау сынды ойлау түрлерін назарға алуымыз қажет. Бұл ойлау түрлері бір-бірімен тығыз байланысты. Ең бірінші балада көрнекі – әрекеттік ойлау түрі қалыптасады. Бұл баланың практикалық әрекетімен тығыз байланысты ойлау түрі. Бұл ойлау түрі балалардың ойыншықтарын шашып, сындырып, бөлшектеуі, ересектермен қарым-қатынас жасауы т.б. арқылы дамиды. Себебі, бала қоршаған дүние заттарын осылайша танып біледі, тәжірибесін толықтырады. Баланың сөйлеу қабілетімен қатар көрнекі бейнелі ойлауы да қалыптаса бастайды. Көрнекі – бейнелі ойлау заттар мен құбылыстардың тікелей өздері емес, олардың есте қалған елес, тұрпаттарын пайымдаумен орындалады. Мұндай ойлауда заттың тұтастай сипаты толық және жан-жақты көрініс береді. Бұл тұрғыдан көрнекті -бейнелі ойлау қиялдаумен жанасып кетеді [7].

Даярлық тобы балаларының негізгі ойлау түрі осы - көрнекі – бейнелі ойлау. Белгілермен жұмыс жасау арқылы іске асырылатын ойлау әрекеті дерексіз ойлау болып табылады. Дерексіз ойлау логика ғылымы қарастыратын ережелерге бағынады, сол себепті

логикалық ойлау деп аталады [8]. Соңғы болып даярлық тобы балаларында логикалық ойлау қалыптаса бастайды. Олар қоршаған дүние заттарын талдауға, жинақтауға, салыстыруға, жалпылауға, нәрсенің белгілі бір белгілерін ойша баса көрсету және оны басқалардан дерексіздендіруге дағдыланады. Сөзді- логикалық ойлау тікелей бейнеге ие болмаған түсініктерді, логикалық құрылымдарды пайдаланады (мысалы, құн, адалдық, мақтаншы т.с.с) [7].

Мектепалды даярлық тобы балаларының логикалық ойлау қабілетін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру мақсатында мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде көптеген оңтайлы әдіс-тәсілдер мен тың технологиялар, арнайы көмекші құралдар пайдаланылады. Дегенмен, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде тарихы ежелден бастау алған ойын технологиясы ерекше орынды иеленетіні жасырын емес. Себебі, ойын – баланың маңызды әрі жетекші әрекеті, қалыпты дамуының негізі. Ойын барысында баланың ойлау, зейін, ес, қиялсынды психикалық үрдістері ғана дамып қоймай, сөздік қоры артып, әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы тұрақталады, бала қоршаған ортаға бейімделіп, әлеуметтік маңызды белгілері мен қасиеттері қалыптасады. Яғни, ойын барысында баланың тұлғалық дамуы жүзеге асады. Мектепке дейінгі ұйымдарда ойынның сан алуан түрлері шығармашылықпен қолданылып, баланың танымдық белсенділігін арттыру, ақыл-ойын дамыту, дүниетанымын кеңейтудің міндеттерін көздейді.

Осы орайда еліміздің көптеген балабақшалары өз тәжірибесінде сәтті қолданып жүрген Вячеслав Вадимович Воскобовичтің дамытпалы ойындарын мысалға келтіруге болады. Ресейлік әйгілі автордыңкең танымалдыққа ие болған дамытпалы ойындарының негізгі мақсаты- балалардың ойлау қабілетін, ойлау операцияларын дамыту болып табылады. Оның ойындары өзінің көп функционалдылығымен, конструктивті элементтерімен, шығармашылық мүмкіндігімен, эстетикалық өңделуі әрі әмбебаптылығымен, пайдалану мүмкіндігінің әртүрлілігімен, ойын таңдаудағы басымдылығымен ерекшеленеді. Ойынның көп функционалдық сапасы оның өзіне бірнеше міндеттерді жүктеп, бірнеше қызметтерді атқара алатын сипатымен анықталады. Воскобович ойындары баланы қызықтыра отырып оқытады, бала тұлғасының дамуына оң әсер етеді, әрі адамгершілік қасиеттерге баулып, тәрбиелейді. Тартымды кейіпкерлер мен қиял-ғажайып ертегілерге, сан алуан қызықты ойындарға толы Воскобович әдістемесі балалар үшін арнайы дамытушы орта түзеді. Осындай ортада баланың логикалық ойлауы қалыптасып, ақыл-ойы артады, атаулы ойлау операциялары қалыптасады. Автордың атақты ойындарының қатарына «Геоконт», «Воскобович шаршысы», «Игровизор» сынды ойындарды жатқызуға болады. Геоконт ойынын сыртқы бейнесіне қарай «шегелері бар тақтайша» деп те атайды. «Геоконт» ойынының нәтижесінде балалардың ойлау қабілеті, саусақ моторикасы т.б дамиды. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуда үлесі мол Воскобовичтің дамытпалы ойындары – бұл шығармашылығы мол, ерекше тыңғылықты ойластырылғын әдістеме деп еш күмәнсіз айтуға болады.

Логикалық ойлауды дамытуда қолданылатын тағы бір тың әдістеме венгрлық математик, педагог әрі психолог Золтан Пал Дьенешке тиесілі. 1960 жылы құрастырылған Дьенештің логикалық блоктары барлығы 48 геометриялық фигурадан тұрады. Мектеп жасына дейінгі және ересек жастағы балаларға арналған әдістеме нысандардың түсін, пішінін, көлемі мен жуандығын ажыратуда, танымдық белсенділігін арттыруда, математиканың қарапайым ұғымдарын меңгертуде, логикалық ойлауын дамытуда таптырмас құрал болып табылады. Атақты педагогтың ойындарының нәтижесінде баланың логикалық ойлауы ғана емес, шығармашылық қиялы, зейіні мен қабылдауы, сөздік қоры т.б дами түседі.

Бельгиялық педагог Джордж Кюизенердің ойлап тапқан танымал дидактикалық құралы – Кюизенер таяқшалары деп аталады. Кюизенер таяқшаларының негізгі мақсаты- баланың математикалық түсініктерін, логикалық ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Атаулы әдістемемен жұмыс жасау нәтижесінде баланың қол және саусақ моторикасы, танымдық белсенділі дамиды, кеңістікті бағдарлай алуға дағдыланады, сан құрамын игереді. Кюизенер таяқшалары бір-бірінен түстері мен ұзындықтары бойынша ажыратылады. Ең ұзын таяқша

10 см тең болса, ең қысқасы 1 см тең. Кюизенер таяқшаларының түстері келесідей: ақ, қызғылт, көгілдір,қызыл, сары, күлгін, қою қызыл, қара, көк, қызғылт сары.Осы себепті оларды түрлі-түсті таяқшалар, түрлі-түсті жолақтар, санамақ таяқшалары деп те атайды.

Мектепалды даярлық тобы балаларының логикалық ойлауын дамытудың тағы бір жолы – тест әдісі. Тест тапсырмалары қазіргі таңда әлем бойынша білім сапасы мен деңгейін тексерудің жоғары технологиялар қатарына жатқызылады. Қазіргі таңда тестілеу әдісі көптеген дамыған елдерде білімнің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе Канада, Дания, АҚШ, Австралия, Франция, Жапония, Израиль т.б. елдерде кең қолданылады. Педагогикалық тест мәселелері В.С. Аванесов, Г.С. Ковалева, Ю.М. Нейман, З.Д. Жуковская, А.Г. Шмелев, Б.Г.Бобылев, О.З. Кузнецова, Н.А. Кулемин, Е.А. Михайлович, Г.К. Селевко, А.О. Татур, В.А. Хлебников, М.Б. Чельшкова, В.А.Шухарадина, М.К. Акимова, Е.В. Бондаревская, В.В. Давыдов, Л.В. Занков, Г.Ф. Карпова, С.В. Кульневич, В.В. Сериков, Э.И. Унт т.б еңбектерінде қарастырылған [9].

Тест әдісі тек білім, білік, дағдыны тексеру құралы ғана емес, сонымен қатар балалардың ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлауын дамытудың оңтайлы бір жолы, нәтижелі тәсілі. Соның бір дәлелі аталған әдістің Нұр-Сұлтан қаласының «Spectrum» балабақшасының оқыту үрдісінде кеңінен қолданылуы. Атаулы мекемеде балалар түрлі логикалық тест тапсырмаларын орындай отырып, интеллектуалды тұрғыдан дамып қана қоймай, қиял, ес, зейін сынды өзге де психикалық қасиеттерінің дамуы жүзеге асады. Тест тапсырмаларының шешімін топтық және жекелей талдау нәтижесінде креативті ойлау, тілдік қабілеттері, сөздік қорлары қалыптасады. Бірінші сыныпқа қабылдау үрдісі де қазіргі таңда көбіне тест әдісі негізінде жүзеге асып келеді. Атап айтсақ, «НұрОрда» мектеп-лицейі, Назарбаев зияткерлік мектептері, № 82 «Дарын» мамандандырылған лицейі, дарынды балаларға арналған № 9 «Зерде» мектебі т.б балаларды мектепке конкурстық талаптар негізінде тест тапсырмаларын қолдана отырып, қабылдау үрдісін жалғастыруда.

Қорыта келе, мектепке дейінгі білім беру мекемелері үшін баланың логикалық ойлауын қалыптастыру, ақыл-ойын дамыту, ойлау операцияларына дағдыландыру мәселелері қашанда көкейкесті, себебі тәрбиеленушінің логикалық ойлау қабілеті балабақша табалдырығында қалыптаса бастайды. Кейін, өзге әлеуметтік институттар арқылы өз дамуын әрі қарай жалғастырып, дүниетанымы кең, көкірегі ояу, дарынды, кемел тұлға қалыптасады. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын қалыптастыру мәселесі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы үрдіс болып табылады. Бұл өз кезегінде мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау мәселесін тереңірек зерттеп, логикалық ойлауды дамытудағы тың әдістер мен технологияларды іздестіру мен тәжірибеде тиімді қолдануымызды қажетсінеді. Осы орайда, тест әдісін балабақшаларда кеңінен қолданып, аталған әдістің тек бақылаушылық яки білім, білік, дағдыны тексеру мүмкіндігін ғана емес, логикалық ойлауды дамытудағы маңызына назар аударуымыз қажет.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. [https:// malimetter.kz](https://malimetter.kz)
3. Мұғалімнің педагогикалық шеберлігі // Білім әлемі. Алматы., 2004ж. №6
4. Жұмасова К.С. Психология: Оқулық, - Астана: Фолиант, 2006
5. Ысқақова Р.О, Ғабитов Т.Х. Логика: Оқу құралы. - Алматы: «Паритет», 2004
6. <https://studopedia.info>
7. Бап- Баба С.Б. Жалпы психология (Жантану негіздері) Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған дәрісбаяндар жинағы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2006
8. Урдабаева Л.Е., Рахматулина А.Р. Даму психологиясы: Оқу құралы. - Қостанай:А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университет, 2018
9. Сейітқазы П.Б., Уралтаева Ж.О. Даярлық тобы балаларының логикалық ойлауын қалыптастыруда тест тапсырмаларын пайдаланудың маңыздылығы. Жұмабекова Фатима

Ниязбекқызының 60-жылдық мерейтойына арналған республикалық ғылыми әдістемелік семинар жинағы, 2018